

Ақмола облысы Зеренді ауданы Симферополь ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Симферополь ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 8284 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 8 қазандағы қорытындысы негізінде, Симферополь ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Зеренді ауданы Симферополь ауылының көшелері қайта аталсын :

Целинная көшесі Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне;

Новоселов көшесі Мәлік Ғабдуллин көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А.Сабитов